

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Келбетті, бірақ ақымақ патша



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Lyn Doerksen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Самуил, Исраилдің биі және көсемі, қартайған болатын. Ол өзінің ұлдары Құдайдың қызметінде орнын басу үшін оларды Исраилге би етіп тағайындаған еді. Бірақ Самуилдің ұлдары зұлым болды. Олар ақшаны жақсы көрді және оны арам жолмен табу үшін өздерінің биліктерін пайдаланды.



2

Исраил халқы оның ұлдарының зұлымдықтарынан азап шекті. Олар әділетсіз төрелік айтатын. Адамдарға өздеріне көмек керек кезде, Самуилдің ұлдарына пара беруге тура келетін.




3

Бірдеңе істеу керек болды. Бір күні Исраилдің рубасылары бірге жиналып, Самуилден көмек сұрады.



4

Рубасылар: «Бізге өзімізге билік айтатын патша беріңіз», –деп талап етті. Олар өздеріне Самуилдің зұлым ұлдары билік айтқандарын қаламады. Олар маңайдағы басқа халықтар сияқты өздерінің де патшалары болғанын қалады.



5

Самуил ыза болды. Исраилдің Патшасы бар еді! Құдіретті Құдай, Мәңгіліктің Иесі, Исраилді басқаруда. Ежелгі заманда Ол өздерінің алдарынан Қызыл теңізді ашып, Мысырдың құлдығынан азат еткен.

6


Содан соң Ол Исраилге олардың әдемі жерлерін берген.

7

Самуил мінәжат еткен кезде, Жаратқан Ие оған: «Олар сенен емес, олардың үстінен Мен патшалық етпеуім үшін Менен бас тартып отыр. Олар басқа құдайларға қызмет етті. Олардың үндеріне құлақ салып, оларға патша сайлап бер», –деді.



8



Құдай Самуилге адамдарға олардың жердегі патшалары өздерінің ақшаларын салық ретінде алатынын, өзіне олардың ең жақсы егіндері мен жүзімдіктері арқылы көмектесетінін, олардың ұлдарын өзінің әскеріне алып және қыздарын өзіне жұмыс істеуге бұйыратынын ескертуді айтты.

9



Бірақ халық сонда да патшалары болғанын қалады.

10




Құдай Самуилді өте келбетті, өте ұялшақ және бойы өте ҰЗЫН – басқалар оның иығынан ғана келетін – жас жігітке алып келді. Оның аты Саул болатын. Самуил Саулды көрген кезде, Жаратқан Ие былай деді: «Бұл – Менің халқыма патшалық құрады».

11




Самуил мойынсұнып, Саулды Израилдің үстіне патша болуға майлады. Ол Саулды Израил халқына таныстырған кезде, олар «Патша жасасын!» – деп айғайлады.

12



Көп уақыт өтпей, Саул патша сынаққа тап болды. Израилді жек көретін аммондықтар Израилдің қаласын қоршап алып, әркімнің оң көзін ойып алатынын айтып сес көрсетті. Қандай қатал жоспар! Қауіп-қатер туралы хабар Саул патшаға жетті. Ол өзінің әскерін дайындады.

13




Екі әскер кезіккен кезде, Саул аммондықтарды құртып, қаланы құтқарып алды. Саул патша: «...бүгін Жаратқан Ие Израилде құтқарылуды жүзеге асырды!» – деп Құдайды мадақтады.

14

Сол күні Құдай Саулға ұлы жеңіс сыйлады. Бірақ Саул Құдайды әрқашан құрмет тұтпады. Бірде філістірлермен шайқаспас бұрын Саул Құдайға құрбандық шалды. Ол мұның Самуилдің қызметі

екенін білетін. Ол осыны істеу үшін Самуил келмейінше өзінің күткенін Құдайдың қалайтынын да білді. Бірақ Саул Құдайға бағынбады!



15

Самуил келген кезде, ол Саулға былай деді: «Сен ақымақтық істедің. Сен өзіңнің Құдайың Жаратқан Иенің өсиетін орындамадың. Енді сенің патшалығың берік болмайды».



16

Саул, бәлкім, мұны кішкентай күнә деп ойлаған болар. Бірақ Құдайға мойынсұнбау әрдайым салмақты.



17

Келесі жолы Құдай Саулға Амалектің зұлым патшасын құртуды бұйырған. Алайда Саул мен халық амалектіктердің патшасы Агагты тірі қалдырды.

Олар, сондай-ақ, бағалы заттарды, қойлар мен өгіздерді алып қалды. Саул мұның бәрін Жаратқан Иеге құрбандыққа шалу үшін сақтап қалғанын айтты.



18

Самуил Саулға: «Бағыну құрбандық шалудан жақсы. Сен Жаратқан Иенің сөзінен бас тарттың, сондықтан Жаратқан Ие сені Исраил патшасы етуден бас тартты», – деді. Саул өзінің күнәсі үшін қатты өкінді. Бірақ енді тым кеш еді. Оның өмірінің қалған бөлігі бақытсыз болды, өйткені ол ЖАРАТҚАН ИЕГЕ бағынбады.



19

Келбетті, бірақ ақымақ патша

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

1 Патшалық 8-16

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

20



Соңы

18

60

21

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

22